

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ

Пән атауы: Эпидемиология

Пән коды: Ері 3208

ББ шифры және атауы: 6B10111 «Қоғамдық денсаулық»

Оқу сағаттары/кредиттердің көлемі: 150 сағат (5 кредит)

Оқу курсы мен семестр: III – курс, VI – семестр



«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы

59-11-2024
20 беттің 2 беті

Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулық «Эпидемиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленді және кафедра отырысында талқыланды.

Хаттама № 10 «20» 05 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі, м.ғ.к., доцент м.к.  Степанов П. Д.

№1.1.

1. Тақырыбы: Эпидемиялық процесстің паразитарлы жүйесінің өзіндік реттелу теориясы. В.Д. Белякова, Б.Л. Черкасскийдің эпидемиялық процесстің әлеуметтік-экологиялық жүйе ретіндегі тұжырымдамасы.

2. Мақсаты: студенттерде эпидемиология теориялық негіздерін білу, эпидемиялық процесс туралы оқу-жаттығудың негізгі ережелерін меңгеру, қоздырғыштың биологиялық қасиеттеріне байланысты берілу жолдарының негізгі ережелерін меңгеру, қоздырғыштың осы ауруларды тудыратын экологиялық және филогенетикалық жақындығы негізінде инфекциялық аурулардың жіктелуі туралы білімдерін қалыптастыру.

3. Тапсырмалар:

1. Эпидемиологиялық жіктеу қағидаттарына көзқарастар;
2. Б. Л. Черкасскийдің әлеуметтік-экологиялық тұжырымдамасы;
3. Паразиттік жүйелер туралы түсінік;
4. Жұқпалы аурулардың табиғи ошақтары туралы ғылым;
5. Инфекциялық (паразиттік) аурулардың осы ауруларды тудыратын қоздырғыштардың филогенетикалық және сол сияқты жақындығы негізіндегі жіктелуі (В. Д. Беляков);
6. Жұқпалы аурулардың эпидемиологиялық жіктелуі (Черкасский Б. Л., 1994 ж.).

4. Орындау/бағалау нысаны : Презентацияны дайындау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар): 1, 2 қосымша

6. Тапсыру мерзімі: 1-2 күн

7. Әдебиет: № 3 қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар):

1. Эпидемиологиялық классификация принциптеріне көзқарасты сипаттаңыз.
2. Б. Л. Черкасскийдің әлеуметтік-экологиялық тұжырымдамасы қандай?
3. Жұқпалы аурулардың табиғи ошақтары туралы айтып берсеңіз
4. Инфекциялық (паразиттік) аурулардың филогенетикалық және сол сияқты жақындығы негізінде осы ауруларды тудыратын қоздырғыштардың жіктелуі қандай (В. Д. Беляков);
5. Жұқпалы аурулардың эпидемиологиялық жіктелуі (Черкасский Б. Л., 1994 ж.).

№1.2.

1. Тақырыбы: В.И. Покровскийдің, Ю.П. Солодовниковтың биологиялық қасиетіне байланысты қоздырғыштың басты (алғашқы) таралу жолдарының этиологиялық іріктеуі туралы теориясы.

2. Мақсаты: студенттерде эпидемиология теориялық негіздерін білу, эпидемиялық процесс туралы оқу-жаттығудың негізгі ережелерін меңгеру, қоздырғыштың биологиялық қасиеттеріне байланысты берілу жолдарының негізгі ережелерін меңгеру, қоздырғыштың осы ауруларды тудыратын экологиялық және филогенетикалық жақындығы негізінде инфекциялық аурулардың жіктелуі туралы білімдерін қалыптастыру.

3. Тапсырмалар:

1. Қоздырғыштың негізгі (бастапқы) берілу жолдарының этиологиялық іріктелуі туралы В. И. Покровский, Ю. П. Солодовников теориясы;
2. Жұқпалы аурулардың экологиялық-эпидемиологиялық жіктелуі (И. И. Елкин, Ю. В. Литвин, Э. Н. Шляхов);

4. Орындау/бағалау нысаны : Презентацияны дайындау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар): 1, 2 қосымша

6. Тапсыру мерзімі: 1-2 күн

7. Әдебиет: № 3 қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар):

1. В.И. Покровский мен Ю.П. Солодовниковтың теориясының негізгі қағидалары:
2. Қоздырғыштың биологиялық қасиеттері мен оның таралу жолдары арасындағы байланыс неде?
3. Қоздырғыштардың жұқтыру механизмдері мен оларды түсіндіретін факторларды сипаттаңыз.
4. Қазіргі заманғы эпидемиология мен инфекциялық аурулар теориясының дамуындағы осы теорияның рөлі мен маңызы неде?

№ 2 .

1. Тақырыбы: Инфекциялық ауру жағдайын стандартты анықтау әдісі: жағдайдан күдіктену, ықтималды жағдай, дәлелденген жағдай.

2. Мақсаты: Студенттердің жұқпалы аурулар жағдайын стандартты анықтау әдістері туралы білімдерін қалыптастыру.

3. Тапсырмалар:

1. Инфекциялық ауру жағдайын стандартты анықтау әдістемелерін зерттеу.

2. Алдын алу алгоритмдерін және эпидемияға қарсы іс-шараларды зерттеу.

4. Орындау/бағалау нысаны : Презентацияны дайындау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар) 1, 2 қосымша

6. Тапсыру мерзімі: 2 күн

7. Әдебиет: № 3 қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар):

1. Инфекциялық ауруды анықтау бойынша стандартты әдіс дегеніміз не?

2. Күдікті жағдайдың анықтамасын және критерийлерін сипаттаңыз.

3. Ықтимал жағдайдың ерекшеліктері мен анықтамасын түсіндіріңіз.

4. Дәлелденген жағдайдың анықтамасы мен оған қойылатын талаптарды анықтаңыз.

№ 3

1. Тақырыбы: Профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралар кешеніндегі дезинфекцияның рөлі және орны.

2. Мақсаты: Студенттерде профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралар кешенінде дезинфекцияның рөлі мен орнын білу.

3. Тапсырмалар:

1. Дезинфекцияның анықтамасы мен мақсатын анықтаңыз.

2. Дезинфекцияның эпидемияға қарсы іс-шаралар кешеніндегі негізгі рөлі мен маңызын түсіндіріңіз.

3. Жіті ішек инфекцияларының алдын алуда дезинфекцияның ерекшеліктері мен тиімділігін көрсетіңіз.

4. Орындау/бағалау нысаны: Презентацияны дайындау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар) 1, 2 қосымша

6. Тапсыру мерзімі: 3 күн

7. Әдебиет: № 3 қосымшаны қараңыз

8. Бақылау сұрақтары:

1. Дезинфекцияның эпидемияға қарсы іс-шаралар жүйесіндегі негізгі мақсаты қандай?
2. Дезинфекция қандай жағдайларда және қандай объектілерде жүргізіледі?
3. Дезинфекцияның аурулардың таралуына қалай әсер етеді?
4. Дезинфекция мен стерилизацияның айырмашылығы неде?
5. Химиялық және физикалық дезинфекция әдістерінің ерекшеліктері қандай?
6. Қандай химиялық заттар мен құралдар дезинфекция үшін кеңінен қолданылады?
7. Дезинфекцияның сапасын бақылау үшін қандай әдістер мен құралдар қолданылады?
8. Дезинфекциялау жұмыстарының жүргізілуі кезінде қауіпсіздік шаралары қандай болуы керек?

№ 4

1. Тақырыбы: Дифтерия мен менингококк, жәншау инфекцияның этиологиясы, эпидемиялық процесс сипаттамасы, эпидемияға қарсы және профилактикалық шаралар принциптері. Эпидемиологиялық қадағалау.

2. Мақсаты: Дифтерия мен менингококк инфекциясының қоздырғыштарын (*Corynebacterium diphtheriae* және *Neisseria meningitidis*) сипаттау, Дифтерия мен менингококк инфекциясының эпидемиялық процесін, таралу жолдарын және жұқтыру механизмдерін талқылау. Әр инфекцияның негізгі симптомдарын, олардың ауырлық дәрежесін және диагностикалық критерийлерін анықтау.

3. Тапсырма:

1. Дифтерия қоздырғышы (*Corynebacterium diphtheriae*) туралы мәлімет беріңіз.
2. Дифтерияның таралу механизмі мен жұғу жолдарын сипаттаңыз.
3. Дифтерияның эпидемиялық процесінің кезеңдері мен динамикасын түсіндіріңіз.
4. Дифтерияның клиникалық белгілері мен ауырлығын анықтаңыз.
5. Менингококк инфекциясын қоздыратын микроорганизмді (*Neisseria meningitidis*) сипаттаңыз.
6. Менингококк инфекциясының жұғу жолдары мен таралу механизмін түсіндіріңіз.
7. Менингококк инфекциясы бойынша эпидемиялық процестің ерекшеліктері мен оның таралуын болжау жолдарын талқылаңыз.
8. Менингококк инфекциясының клиникалық белгілері мен ауырлығы туралы мәлімет беріңіз.

4. Орындау/бағалау нысаны: Презентацияны дайындау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар): 1, 2 қосымшаны қараңыз.

6. Тапсыру мерзімі: 4 күн

7. Әдебиет: № 3 қосымшаны қараңыз

8. Бақылау сұрақтары:

1. Дифтерияның қоздырғышы қандай микроорганизмдер болып табылады?
2. Менингококк инфекциясын тудыратын бактерияның ерекшеліктері қандай?
3. Жәншау инфекциясы қандай бактериялар арқылы туындауы мүмкін?
4. Дифтерия, менингококк инфекциясы және жәншау инфекциясының патогенезі қандай?
5. Дифтерия мен менингококк инфекциясының алдын алуда қолданылатын вакцинация әдістері қандай?
6. Жәншау инфекциясы үшін эпидемияға қарсы қандай шаралар қабылданады?

7. Дифтерия мен менингококк инфекциясы кезінде карантиндік шаралар қалай ұйымдастырылады?
8. Әлеуметтік контактіні шектеу, жеке гигиена және дезинфекция шараларының маңызы қандай?

№ 5

1. Тақырыбы: Туберкулезге қарсы шаралар стандарттары мен алгоритмдері. DOTS бағдарламасының заманауи тәсілдері; туберкулезге қарсы күрес қағидалары. Туберкулез ошақтарын эпидемиологиялық зерттеу әдістері, туберкулез ошақтарындағы эпидемияға қарсы шаралар.

2. Мақсаты: Студенттердің туберкулезді анықтау және диагностикалау алгоритмін қалыптастыру МСАК жүйесінің медицина қызметкерлері үшін.

3. Тапсырмалар:

1. Диагностикалық алгоритмнің қадамдары
2. Туберкулез кезінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру
3. Туберкулезді вакцинациялау және ревакцинациялау
4. Туберкулез ауруын анықтау
5. Туберкулезді Манту туберкулин сынамасы арқылы диагностикалау.

4. Орындау/бағалау нысаны: Презентацияны дайындау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар): 1, 2 қосымшаны қараңыз.

6. Тапсыру мерзімі: 5 күн

7. Әдебиет: № 3 қосымшаны қараңыз

8. Бақылау сұрақтары:

1. Туберкулез ошақтарын эпидемиологиялық зерттеу кезінде қандай негізгі әдістер қолданылады?
2. Туберкулездің таралуын анықтау үшін қандай эпидемиологиялық мәліметтер жиналады?
3. Туберкулез ошақтарын зерттеуде контактілерді тексерудің маңызы қандай?
4. Эпидемиологиялық зерттеуде вирустың немесе бактерияның таралуын бақылау әдістері қандай?
5. Туберкулез ошақтарында жүргізілетін эпидемиологиялық зерттеу кезеңдері қандай?

№ 6

1. Тақырыбы: Герпесті инфекциялар: эпидемиялық процесстің этиологиясы, сипаттамасы. Жыныс мүшелері мен несеп шығару жолдарының герпесті инфекциясы. этиология, эпидемиологиялық процесстің сипаттамасы. Цитомегаловирусты инфекция мен 1 және 2 типті герпесті инфекция кезіндегі профилактикалық және эпидемияға қарсы шараларды ұйымдату. Стрептококкты инфекцияның эпидемиологиясы.

2. Мақсаты: Студенттердің бактериялық этиологиясы, стрептококкты инфекция, цитомегаловирустық инфекция және 1 және 2 типті герпетикалық инфекция эпидемиологиясының теориялық негіздерін білу; эпидемиологиялық анамнезді дұрыс жинауға үйрету; инфекция ошағында байланыста болғандарды анықтау; эпидемияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар жоспарын белгілеу.

3. Тапсырмалар:

1. Бактериялық этиологиядағы аэрозольді инфекцияларды, стрептококты инфекцияны, цитомегаловирустық инфекцияны және 1 және 2 типті герпетикалық инфекцияны анықтау;
 2. Бактериялық этиология, стрептококк инфекциясы, цитомегаловирустық инфекция және 1 және 2 типті герпетикалық инфекцияның этиологиясы және эпидемиологиясы;
 3. Студент жасаған нақты тапсырманы эпидпен шешу. ошақта эпидемияға қарсы іс-шаралар жоспарын белгілеу;
 4. Бактериалды этиология, стрептококк инфекциясы, цитомегаловирустық инфекция және 1 және 2 типті герпетикалық инфекция кезінде эпидемиологияның теориялық білімін қолдана отырып, осы инфекциялар ошағында профилактикалық іс-шаралар жоспарын белгілеу.
- 4. Орындау/бағалау нысаны:** Ғылыми мақалаларды талдау (RBL элементі) презентация дайындау, тест тап сырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру
- 5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар):** 1, 2 қосымша
- 6. Тапсыру мерзімі:** 6 күн
- 7. Әдебиет:** № 3 қосымшаны қараңыз
- 8. Бақылау- сұрақтар:**
1. Герпесті инфекциялардың этиологиясын түсіндіріңіз.
 2. 1 және 2 типті герпесті инфекциялардың айырмашылығы неде?
 3. Герпесті инфекциялармен байланысты эпидемиялық процесті сипаттаңыз.
 4. Герпес вирусының жұғу механизмі мен факторлары қандай?
 5. Герпесті инфекциялардың клиникалық белгілерін сипаттаңыз.

№7.1.

1. **Тақырыбы:** Шигеллез, эшерихиоз ошақтарында эпидемиологиялық тексеру мен эпидемияға қарсы шаралар әдістемесі.
2. **Мақсаты:** Студенттердің шигеллездер, эшерихиоздар кезінде эпидемиологияның теориялық негіздерін білуін қалыптастыру.
3. **Тапсырмалар:**
 1. Шигеллездер мен эшерихиоздарды анықтау.
 2. Шигеллездер мен эшерихиоздардың этиологиясы мен эпидемиологиясы.
 3. Шигеллездің ошақтарындағы эпидемиологиялық тексеру және эпидемияға қарсы іс-шаралар әдістемесі.
 4. Эшерихиоз ошақтарындағы эпидемиологиялық тексеру және эпидемияға қарсы іс-шаралар әдістемесі.
4. **Орындау/бағалау нысаны:** Презентацияны дайындау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру
5. **БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар):** 1, 2 қосымша
6. **Тапсыру мерзімі:** 7 күн
7. **Әдебиет:** № 3 қосымшаны қараңыз
8. **Бақылау**
 1. Шигеллездің қоздырғышы мен клиникалық белгілерін сипаттаңыз.
 2. Эшерихиоздың қоздырғыштарын және аурудың симптомдарын түсіндіріңіз.
 3. Шигеллез және эшерихиоз ошақтарында эпидемиологиялық тексерудің негізгі кезеңдерін атаңыз.

4. Аурулардың таралуы мен эпидемиялық жағдайды бағалау критерийлерін сипаттаңыз.
5. Шигеллез бен эшерихиоздың эпидемияға себеп болатын факторларын анықтаңыз.

№7.2.

1. Тақырыбы: Іш сүзегі, А және В паратифі, сальмонеллез ошақтарындағы эпидемиологиялық тексеру мен эпидемияға қарсы шаралардың әдістемесі.

2. Мақсаты: Студенттерде ішек таяқшасы, А және В паратифтері, сальмонеллездер эпидемиологиясының теориялық негіздерін қалыптастыру.

3. Тапсырмалар:

1. Іш сүзегін, А және В паратифтерін, сальмонеллездерді анықтау.

2. Іш сүзегінің, А және В паратифтерінің, сальмонеллездердің этиологиясы мен эпидемиологиясы, жұқтыру механизмін және осы инфекциялардың берілу жолдарын білу.

3. Студенттің эпидемиологиялық анамнезін бөле отырып жасаған нақты міндетін шешу, ошақта эпидемияға қарсы іс-шаралар жоспарын белгілеу. Іш сүзегі, А және В паратифтері, жұқпалы шыққан сальмонеллез кезіндегі эпидемиологияның теориялық білімін қолдана отырып, осы инфекциялар ошағында алдын алу іс-шараларының жоспарын белгілеу.

4. Орындау/бағалау нысаны: Презентацияны дайындау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар): 1, 2 қосымша

6. Тапсыру мерзімі: 7 күн

7. Әдебиет: № 3 қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (тесттер):

1. Бұл инфекциялық аурулардың ерекшеліктерін және қоздырғыштарын сипаттаңыз.

2. Аурулардың таралуы мен эпидемиялық жағдайды бағалау критерийлерін сипаттаңыз.

3. Іш сүзегі, А және В паратифі, сальмонеллездің жұқтыру механизмдерін анықтаңыз.

4. Іш сүзегі, А және В паратифі, сальмонеллез ошақтарында қолданылатын эпидемияға қарсы шараларды сипаттаңыз.

5. Эпидемиялық жағдай кезінде халықты ақпараттандырудың рөлі мен маңыздылығын түсіндіріңіз.

№ 8

1. Тақырыбы: Эпидемиялық процесстің этиологиясы, сипаттамасы, энтеровирусты және ротавирусты инфекция кезіндегі эпидемияға қарсы және профилактикалық шаралар принциптері.

2. Мақсаты: Эпидемиялық процесстің негізгі элементтерін, құрылымын және динамикасын анықтау, Энтеровирусты (мысалы, Coxsackie және Echo вирустары) және ротавирусты инфекциялардың қоздырғыштарын сипаттау, Энтеровирусты және ротавирусты инфекциялардың таралу жолдарын, клиникалық көріністерін және қоғамдық денсаулыққа әсерін талқылау.

3. Тапсырмалар:

1. Эпидемиялық процесстің негізгі элементтерін (қоздырғыш, резервуар, инфекция көзі, жұқтыру жолдары) анықтаңыз.

2. Ротавирусты инфекцияның қоздырғышы, симптомдары және инфекцияның ауырлық дәрежесін талдаңыз.

3. Энтеровирусты және ротавирусты инфекцияларға қарсы қолданылатын эпидемияға қарсы шараларды (изоляция, дезинфекция) сипаттаңыз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2024 20 беттің 9 беті

4. Энтеровирусты және ротавирусты инфекцияларды бақылау мен мониторинг жүргізудің маңыздылығын түсіндіріңіз.

4. Орындау/бағалау нысаны: Презентацияны дайындау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар): 1, 2 қосымшаны қараңыз.

6. Тапсыру мерзімі: 8 күн

7. Әдебиет: № 3 қосымшаны қараңыз

8. Бақылау сұрақтары:

1. Энтеровирустардың түрлері мен олардың патогенезін сипаттаңыз.
2. Ротавирустың ерекшеліктері мен жұқтыру механизмін талқылаңыз.
3. Ротавирусты инфекция кезінде пайда болатын белгілер мен ықтимал асқынуларды сипаттаңыз.
4. Энтеровирустар мен ротавирустардың жұқтыру жолдарын анықтаңыз.
5. Энтеровирусты және ротавирусты инфекцияларға қарсы қолданылатын негізгі эпидемияға қарсы шараларды сипаттаңыз.

№ 9.

1. Тақырыбы: Тырысқақ ошақтарында эпидемиологиялық зерттеу әдістері. Тырысқақ ошақтарында профилактикалық, эпидемияға қарсы және дезинфекциялық шаралар.

2. Мақсаты: Білім алушылардың тырысқақ кезіндегі эпидемияға қарсы және алдын алу шараларының принциптері бойынша білімдерін қалыптастыру.

3. Тапсырма:

1. Құтырма, тырысқақ этиологиясы және эпидемиологиясы.
2. Құтыру клиникасы, тырысқақ.
3. Құтыру, тырысқақ кезіндегі зертханалық зерттеулер.
4. Құтыру, тырысқақ ошақтарындағы санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар.
5. Құтыру, тырысқақ ошақтарындағы эпидемияға қарсы іс-шаралар.
6. Құтырмаға, тырысқаққа санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау.

4. Орындау/бағалау түрі: Презентацияны дайындау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар): 1, 2 қосымшаны қараңыз.

6. Тапсыру мерзімі: 9 күн

7. Әдебиет: № 3 қосымшаны қараңыз

8. Бақылау сұрақтары:

1. Құтырма, тырысқақ этиологиясы және эпидемиологиясы.
2. Құтыру клиникасы, тырысқақ.
3. Құтыру, тырысқақ кезіндегі зертханалық зерттеулер.
4. Құтыру, тырысқақ ошақтарындағы санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар.
5. Құтыру, тырысқақ ошақтарындағы эпидемияға қарсы іс-шаралар.
6. Құтырмаға, тырысқаққа санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау.

№ 10

1. Тақырыбы: Медициналық көмекке байланысты инфекциялар (МКБИ)

2. Мақсаты: Медициналық көмекке байланысты инфекциялардың анықтамасын және олардың ерекшеліктерін түсіндіру, МКБИ-ның негізгі қоздырғыштарын (бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар) анықтау және олардың патогенезін талдау.

3. Тапсырма:

1. Медицина қызметкерлері мен пациенттер арасындағы жұқтыру механизмдерін зерттеп, МКБИ-ның анықтамасын қалыптастырыңыз.
2. МКБИ-ның негізгі қоздырғыштарын (мысалы, бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар) тізімдеңіз және олардың патогенезін сипаттаңыз.
3. МКБИ-ның эпидемиялық процестерін, жұқтыру жолдарын және қауіпті топтарды анықтаңыз.
4. Вакцинация, гигиеналық шаралар және халықты ақпараттандыру сияқты профилактикалық стратегияларды зерттеңіз.

4. Орындау/бағалау нысаны: Презентацияны дайындау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар): 1, 2 қосымшаны қараңыз.

6. Тапсыру мерзімі: 10 күн

7. Әдебиет: № 3 қосымшаны қараңыз

8. Бақылау сұрақтары:

1. Медициналық көмекке байланысты инфекциялардың анықтамасын беріңіз.
2. МКБИ-ның қоздырғыштарына мысалдар келтіріңіз (бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар).
3. МКБИ-ның жұқтыру механизмдерін анықтаңыз.
4. Дезинфекция мен гигиеналық шаралардың МКБИ-ның алдын алудағы маңызын талқылаңыз.
5. МКБИ-ны алдын алу үшін қолданылатын профилактикалық шараларды сипаттаңыз (вакцинация, санитарлық нормалар).

№ 11

1. Тақырыбы: Гинекологиялық, урологиялық, эндоскопиялық, травматологиялық бөлім, акупунктура бөлмесінде зарарсыздандыру және зарарсыздандыру режимі.

2. Мақсаты: Студенттерде легионеллез кезінде алдын алу және эпидемияға қарсы іс-шараларды білу. ЕПМ-де дезинфекциялық және стерилизациялық режим. АИИ алдын алу.

3. Тапсырмалар:

1. Дезинфекция және стерилдеу анықтама беріңіз.
2. Дезинфекция түрлері.
3. Стерильдеу түрлері.
4. Стерильдеу кезеңдері.
5. Стерильдеу алдындағы тазалау
6. АИИ алдын алу ретінде дезинфекцияны пайдалану.

4. Орындау/бағалау нысаны : Презентацияны дайындау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар): 1, 2 қосымшаны қараңыз.

6. Тапсыру мерзімі: 11 күн

7. Әдебиет: № 3 қосымшаны қараңыз

8. Бақылау сұрақтары:

1. Зарарсыздандыру дегеніміз не және оның мақсаты қандай?

2. Зарарсыздандыру мен дезинфекцияның айырмашылығы қандай?
3. Зарарсыздандырудың негізгі әдістері мен құралдары қандай?
4. Медициналық мекемелерде зарарсыздандыру режимінің маңызы қандай?
5. Химиялық, физикалық және механикалық зарарсыздандыру әдістерінің айырмашылығы қандай?
6. Құралдарды дезинфекциялау мен зарарсыздандыру кезінде қандай қауіпсіздік шаралары сақталуы керек?
7. Зарарсыздандыру әдістерін қолдануда олардың тиімділігін қалай бағалауға болады?

№ 12

1. Тақырыбы: Иммунды сывороткалар, иммуноглобулиндер, олардың сипаттамасы, қолдану көрсеткіштері. Профилактиканың қосымша құралдары: бактериофагтар, интерферон. Иммунопрофилактиканы ұйымдастыру. Екпе профилактикасының тиімділігін бағалау. «Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі» Қазақстан Республикасының Кодексі

2. Мақсаты: иммунопрофилактика, оның әдістері мен құралдары туралы білімді жүйелеу, еліміздің денсаулық сақтау саласындағы құқықтық негіздерін түсіну және иммунопрофилактиканың қоғамдық денсаулықты қорғаудағы рөлін бағалау.

3. Тапсырма:

1. Иммунды сывороткалардың және иммуноглобулиндердің анықтамасын беріңіз.
2. Иммунды сывороткалар мен иммуноглобулиндерді қолдану көрсеткіштерін атап өтіңіз (мысалы, улану, инфекциялық аурулар).
3. Бактериофагтардың анықтамасын беріп, оларды қолдану көрсеткіштерін сипаттаңыз.
4. Иммунопрофилактика бағдарламаларының ұйымдастырылуын, вакциналардың түрлерін және олардың халық денсаулығына әсерін талдаңыз.

4. Орындау/бағалау нысаны: Презентацияны дайындау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру

5. БӨЖ орындау критерийлері (тапсырманы орындауға қойылатын талаптар): 1, 2 қосымшаны қараңыз.

6. Тапсыру мерзімі: 12 күн

7. Әдебиет: № 3 қосымшаны қараңыз

8. Бақылау сұрақтары:

1. Иммунды сывороткалардың анықтамасын және олардың қандай мақсатта қолданылатынын сипаттаңыз.
2. Иммуноглобулиндердің негізгі типтерін және олардың қызметтерін атаңыз.
3. Бактериофагтардың анықтамасын және олардың қолдану салаларын сипаттаңыз.
4. Екпе профилактикасының тиімділігін бағалау критерийлері мен әдістерін анықтаңыз.

Қосымша №1.**БӨЖ орындау критерийлері:**

1. Презентация дайындау: Стиль: - безендірудің бір тұтас стилі, презентациядан көңіл аударатын стиль болмау керек және қосымша ақпарат мәтін мен суреттен көп болмау керек; *Фон:*- салқын тон таңдалу керек (жасыл, қара көк); *Түсті қолдану:* бір слайдта үштен артық түс қолданылмау қажет; *Мазмұны:* қысқа сөз бен сөйлем қолдану, тарау аттары аудиторияның көңілін аудартатындай болуы керек; *Бетте орналасу тәртібі:* ақпарат көлденеңінен орналасу керек, негізгі ақпарат экранның ортасында орналасуы керек, атаулар суреттердің астында орналасуы керек; *Шрифттер:* тараудың атаулары үшін – 24 кем емес; ақпараттар үшін – 18 кем емес, Ақпаратты бөлу үшін қалың шрифт, курсив қолданылады; *Бөлу әдістері:* рамкалар, шекаралар қолданылады: әртүрлі түсті шрифттер, белгі, сурет, диаграмма, сызбалар қолданылады; *Ақпарат көлемі:* бір слайдты көп ақпаратпен толтырудың қажеті жоқ; *Слайд түрлері:* әртүрлі слайд жасау үшін мәтін, кесте, диаграммалар қолдану қажет. Бір тақырыпқа 25 слайд дайындау керек.

2. Тест тапсырмаларын құрастыру: Тест тапсырмалары тақырыбы бойынша 20-дан кем болмауы керек. Белгіленген уақытта тапсырылады. Мазмұнды тест. Тест тапсырмалары нақты, дәлелді, берілген тақырыбы бойынша құрастырылады. Жауаптар адекватты және бірыңғай. Жауап алгоритмі бар. Дұрыс жауқұнры берілген. Тест тапсырмалары сұрақ түрінде құрастырылмайды. Қолданылған әдебиеттер тізімін көрсету қажет. *Формат:* А4 Times New Roman, шрифт 14, шеті, жоғары, төмен, оң жағы- 2 см, сол жағы - 3 см;

3. Жағдайлық есептерді құрастыру: Талаптар: адекватты, мәтіннің қарапайымдылығы, тапсырманың түсіктілігі. Қойылған сұрақтар (3-4) нақты әрі тақырыпқа сай болуы шарт. Жағдайды сипаттау, берілген сандар мен фактілер түсінікті, нақты болуы керек. Құрастырылатын жағдайлық есептің саны 5-тен кем емес. *Формат:* А4 Times New Roman, шрифт 14, шеті, жоғары, төмен, оң жағы- 2 см, сол жағы - 3 см;

4. Алдын алу шараларын құрастыру: Алдын алу шаралары нақты бір мақсатқа бағытталуы тиіс. Мақсаттар анық және өлшенетін болуы керек. Алдын алу шараларын құрастырудың стилі анық, жүйелі және нақты болуы керек. Құжат көлемі 5-15 бет аралығында болса, бұл жеткілікті. Әр шараның мәні мен орындалуы, қажетті ресурстар мен мерзімдер нақты көрсетілуі тиіс.

5. Ғылыми мақалаларды талдау (RBL элементі) Ғылыми мақаланы талдау кезінде оның әдіснамалық дұрыстығын, ғылыми құндылығын, жаңашылдығын, тілдің нақтылығын, әдебиеттердің сапасын, нәтижелердің дәлдігін және этикалық талаптарды сақтау маңыздылығын ескеру керек. Талдаудың объективті, жүйелі және ғылыми негізде болуы қажет. 5 кем емес ғылыми мақалаларды талдау керек. Соңғы 5 жылдағы кем дегенде 5-7 әдебиетті пайдалану керек.

*Ескерту**-БӨЖ орындауда қолданылатын әдебиет көздерінің ұсынылатын саны 5-7 кем емес, 5-жылдан артпауы қажет.

Қосымша №2.

БӨЖ-ге арналған тексеру парағы					
Жағдайлық есептерді құрастыру бойынша тексеру парағы					
№	Бағалау критерийлері	Өте жақсы (90-100%)	Жақсы (70-89%)	Қанағаттанарлық (50-69%)	Қанағаттанарлықсыз (25-49%)
1	А 4, қаріп Times New Roman, шрифт өлшемі 14, есептер саны 5, тапсырмалар саны 3-4 кем емес.	18-20	14-17,8	10-1,8	0-9,8
2	Есептер берілген тақырыпқа сай, жағдай мен фактілер, қойылған сұрақтар жалпыға түсінікті.	18-20	14-17,8	10-13,8	0-9,8
3	Кәсіби терминологиясы бар, тақырыпқа сай нормативтік-құқықтық құжаттар мен СанҚ қолданылған.	18-20	14-17,8	10-13,8	0-9,8
4	Әдебиеттер саны 5-6 кем емес, соңғы 5 жылды қамтиды. Есептердің жауаптары бар, дұрыс құрастырылған.	18-20	14-17,8	10-13,8	0-9,8
5	Ғылыми терминологияны қолдана отырып, нақты, сауатты, дәлелді түрде есеп бере білу.	18-20	14-17,8	10-13,8	0-9,8
Құрастырылған тест тапсырмаларын бағалау					
№	Бағасы	Бағалау критерийлері			
1	Өте жақсы А (95-100%)	Тест тапсырмаларында 20 сұрақ бар. Жауаптың 5 нұсқасы бар. Тест тапсырмалары лексикалық сауатты құрастырылған. Белгіленген мерзімде тапсырылды. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Тесттің мазмұны тек бір толық ойға ие және дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Нормативтік құжаттарды, сондай-ақ осы			

		тақырып бойынша жаңа ғылыми-статистикалық материалдарды пайдалану.
	A- (90-94%)	Тест тапсырмаларында 20 сұрақ бар. Жауаптың 5 нұсқасы бар. Тест тапсырмалары лексикалық сауатты құрастырылған. Белгіленген мерзімде тапсырылды. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Тесттің мазмұны тек бір толық ойға ие және дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген.
2	Жақсы B+ (85-89%)	Тест тапсырмаларында 20 сұрақ бар. Жауаптың 5 нұсқасы бар. Белгіленген мерзімде тапсырылды. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Сұрақтарды құрастыруда "кейде", "әрқашан", "ешқашан", "жиі"сөздері қолданылады.
	B (80-84%)	Тест тапсырмалары кемінде 20 сұрақтан тұрады. Жауаптың 5 нұсқасы бар. Белгіленген мерзімде тапсырылды. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Жауаптардың бірдей және барабар нұсқалары. Жауаптар алгоритмі бар және дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Құрастыру кезінде орфографиялық қателіктер жіберілді.
	B- (75-79%)	Тест тапсырмалары кемінде 18 сұрақтан тұрады және белгіленген мерзімде тапсырылған. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Құрастыру кезінде орфографиялық қателіктер жіберілді. Дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Тапсырмада жауаптың тек 4 нұсқасы бар.
	C+ (70-74%)	Тест тапсырмалары 16 сұрақтан тұрады және белгіленген мерзімде тапсырылған. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Құрастыру кезінде орфографиялық қателіктер жіберілді. Дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Тапсырмада жауаптың тек 4 нұсқасы бар.
3	Қанағаттанарлық C (65-69%)	Тест тапсырмаларында 15 сұрақ болады. Тесттер уақтылы тапсырылмаған. Мәтіннің негізі мағынасыз. Тест тапсырмалары бар, анық емес, дұрыс емес, нақты емес. Тапсырмада жауаптың тек 4 нұсқасы бар.
	C- (60-64%)	Тест тапсырмаларында 15 сұрақ болады. Тесттер уақтылы тапсырылмаған. Мәтіннің негізі мағынасыз. Тест тапсырмалары бар, анық емес, дұрыс емес, нақты емес. Тапсырмада жауаптың тек 3 нұсқасы бар. Тапсырманың жауаптарында "барлық жауаптар дұрыс/барлық жауаптар дұрыс емес" және "жоғарыда айтылғандардың бәрі/төменде айтылғандардың бәрі" бар.
	D+ (55-59%)	Тест тапсырмаларында 12 сұрақ болады. Тесттер уақтылы тапсырылмаған. Мәтіннің негізі мағынасыз. Тест тапсырмалары бар, анық емес, дұрыс емес, нақты емес. Тапсырмада жауаптың тек 3 нұсқасы бар. Тапсырма сұрақ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979- SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2024 20 беттің 15 беті


		түрінде жасалады. Кейбір тапсырмалар тақырыпқа сәйкес келмейді.
	D – (50-54)	Тест тапсырмаларында 12 сұрақ бар. Тесттер уақтылы тапсырылмаған. Мәтіннің негізі мағынасыз. Тест тапсырмалары бар, анық емес, нақты емес. Барлық дұрыс жауаптар дұрыс белгіленбеген.
4	Қанағаттанарлықсыз FX (25-49%)	Тест тапсырмаларында 10-нан кем сұрақ бар. Мәтіннің мазмұны жоқ, сұрақтың тұжырымы анық емес. Жауаптарда бір тұтастық және жауап алгоритмі жоқ. Уақтылы тапсырылмаған.
	F(0-24%)	Тесттер құрастырылмаған.

Алдын алу шараларын құрастыруды тексеру парағы

№	Бағасы	Бағалау критерийлері
1	Өте жақсы A (95-100%)	Егер де білім алушы құрастырған алдын алу шараларын баяндау кезінде ешқандай қателік пән дәлсіздік жібермесе. Тақырып бойынша теорияларды, концепция мен бағыттарды білсе және оларды талдай білсе, ғылыми жетістіктерді келтіргенде. Қойылған міндетке сай құрастырған алдын алу шараларын нақты және ғылыми тұрғыдан негіздеп бергенде. 5 заңды құжаттарды дұрыс пайдаланғанда.
	A- (90-94%)	Егер де білім алушы құрастырған алдын алу шараларын баяндау кезінде айтарлықтай қателік жібермесе, айтарлықтай емес дәлсіздік жіберсе немесе қағидалық қателік жіберіп, оны білім алушы өзі түзесе, материалды өзі жүйелей білсе. Құрастырған алдын алу шаралары дұрыс болғанда. Заңды құжаттарды дұрыс пайдаланғанда.
2	Жақсы B + (85-89%)	Егер де білім алушы құрастырған алдын алу шараларын баяндау кезінде айтарлықтай дәлсіздік жібермесе немесе қағидалық қателік жіберіп, тек оқытушы айтқан әдебиттермен шектелсе, материалды оқытушының көмегімен жүйелей білсе. Құрастырған алдын алу шараларын аздаған қате болса. Ұсынған шараларды ғылыми тұрғыдан негіздеп берсе. Күші бар 5 заңды құжатты қолданғанда.
	B (80-84%)	Егер де білім алушы құрастырған алдын алу шараларын баяндау кезінде ешқандай қателік пән дәлсіздік жібермесе. Тақырып бойынша теорияларды, концепция мен бағыттарды білсе және оларды талдай білсе. Құрастырылған алдын алу шаралары тақырыпты толық қамтымаған. 3 заңды құжаттарды дұрыс пайдаланғанда.
	B- (75-79%) C + (70-74%)	Егер де білім алушы құрастырған алдын алу шараларын баяндау кезінде айтарлықтай қателік жібермесе, айтарлықтай емес дәлсіздік жіберсе немесе қағидалық қателік жіберіп, оны білім алушы өзі түзесе, материалды оқытушының көмегімен жүйелей білсе. Құрастырған алдын алу шараларында қателік жіберілсе. 2 заңды құжаттарды дұрыс пайдаланғанда.

3	Қанағаттанарлық С (65-69%) С - (60-64%)	Егер де білім алушы құрастырған алдын алу шараларын баяндау кезінде айтарлықтай дәлсіздік жіберсе немесе қағидалық қателік жіберіп, тек оқытушы ұсынған әдебиттермен шектелсе, материалды қиыншылықпен жүйелей білсе. Құрастырылған алдын алу шаралары толық емес. Занды күші құжаттарды пайдаланбағанда.
	D (55-59%) D- (50-54%)	Егер де білім алушы құрастырған алдын алу шараларын баяндау кезінде айтарлықтай қағидалық қателік жіберсе, ғылыми терминологияны пайдаланбаса, материалды логикалық қатемен баяндаса. Мазмұны бойынша қателер болса. Құрастырған алдын алу шаралары толық емес және заңды құжаттарды пайдаланбаса.
4	Қанағаттанарлықсыз FX (25-49%)	Егер де білім алушы құрастырған алдын алу шараларын баяндау кезінде айтарлықтай дәлсіздік жіберсе немесе қағидалық қателік жіберіп, тек оқытушы айтқан әдебиттермен шектелсе, материалды қиыншылықпен жүйелей білсе. Құрастырылған алдын алу шаралары тақырыпты толық қамтымаған. Заңды құжаттар қолданбағанда.
	F (0-24%)	Алдын алу шараларын құрастырмағанда.
Презентацияны дайындау және қорғау		
1	Өте жақсы A (95-100%) A- (90-94%)	Егер де білім алушы презентация кезінде ешқандай қателік пән дәлсіздік жібермесе. Тақырып бойынша теорияларды, концепция мен бағыттарды білсе және оларға баға бере білсе, ғылыми жетістіктерді келтіргенде. Мазмұны мен безендірілуі презентацияға қойылатын талапқа сай болғанда. Тақырып бойынша дайындалған слайдтар саны 20 болғанда.
2	Жақсы B+ (85-89%) B (80-84%) B- (75-79%) C+ (70-74%)	Егер де білім алушы презентация кезінде айтарлықтай емес қателік пен айтарлықтай емес дәлсіздік жіберсе немесе қағидалық қателік жіберіп, оны білім алушы өзі түзесе, материалды оқытушының көмегімен жүйелей білгенде. Мазмұны мен безендірілуінде презентацияға қойылатын талаптан сәл ғана ауытқу болғанда. Тақырып бойынша дайындалған слайдтар саны 20-15 болғанда.
3	Қанағаттанарлық C (65-69%) C- (60-64%)	Егер де білім алушы презентация кезінде айтарлықтай дәлсіздік жібергенде немесе қағидалық қателік жіберіп, оқытушы айтқан негізгі әдебиттермен ғана шектелгенде, материалды жүйелей алмағанда. Мазмұны мен безендірілуінде презентацияға қойылатын талаптан айтарлықтай ауытқушылық болғанда. Презентацияның мазмұны тақырыпқа сай келмегенде. Дайындалған слайдтар саны 15-тен кем болғанда.

	D+ (50-54%) D (50-54%)	Егер де білім алушы презентация кезінде қағидалық қателік жіберсе, ғылыми терминологияны қолдана алмағанда, логикалық қатемен баяндағанда. Мазмұны мен безендірілуінде презентацияға қойылатын талаптан айтарлықтай ауытқушылық болғанда. Презентацияның мазмұны тақырыпқа сай келмегенде. Тақырып бойынша слайдтар саны 10 болғанда.
4	Қанағаттанарлықсыз FX (25-49%) F(0-24%)	Презентацияның мазмұны таңдалған тақырыпқа сай емес. Мазмұны мен безендірілуінде талаптан айтарлықтай қате болғанда. Дайындалған слайдтар саны 10-нан кем болғанда. Презентацияны дайындалмағанда.
Ғылыми мақалаларды талдау (RBL элементі - research-based learning)		
№	Бағасы	Бағалау критерийлері
1	Өте жақсы A (95 – 100%) A - (90 – 94%)	Ғылыми әдебиеттерді шолу көздерінің мәліметтер базасын таңдады. Мақсаттар мен міндеттерді анықтады. Іздеуді жоспарлау және талдау әдістерін көрсетті. Ғылыми мақалаларға талдау жүргізді. Талдайтын тақырыптың негізгі мәселелері мен сұрақтары бойынша зерттеу нәтижелерін көрсетеді. Тақырып бойынша қорытынды жасады. 5 кем емес ғылыми мақалаларды талдады. Осы мәселені шешу үшін ұсыныс берді. Соңғы 5 жылдағы кем дегенде 5-7 әдебиетті пайдаланды.
2	Жақсы B + (85-89%) B (80 – 84%) B- (75 - 79%) C+ (70-74%)	Ғылыми әдебиеттерді шолу көздерінің мәліметтер базасын таңдады. Мақсат пен міндеттерді анықтады. Іздеу және талдау әдістерін жоспарлады. Талданатын тақырыптың негізгі мәселелері мен сұрақтары бойынша зерттеу нәтижелерін көрсетті. Тақырып бойынша жасалған тұжырымдар қойылған міндеттерге сәйкес келеді. Тақырып бойынша қорытынды жасады. 4 ғылыми мақаланы талдады. Бұл мәселені шешу үшін ұсыныстар берді. Соңғы 10 жылдағы 5 әдебиетті пайдаланды.
3	Қанағаттанарлық C (65-69%) C - (60-64%) D+ (55 – 59%) D (50 – 54%)	Қойылған мақсат пен міндеттер зерттелетін тақырыпты толық ашпайды. Талдау әдістемесі анықталмаған. Жүргізілген талдауда зерттелетін тақырыптың негізгі сұрақтары мен мәселелері бойынша зерттеу нәтижелері көрсетілмейді. Тұжырымдар бар. Бұл мәселені шешуге арналған ұсыныстар тақырыпқа сәйкес келмейді. Тақырып бойынша қорытынды жасады. 3 ғылыми мақаланы талдады. Соңғы 10-15 жылдағы кем дегенде 4 әдебиет дереккөзі қолданылды.
4	Қанағаттанарлықсыз FX (25 – 49%) F (0-24%)	Ғылыми мақалаларға талдау жүргізілмеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024 20 беттің 18 беті	

№ 3 қосымша

Негізгі:

1. Ерманова, С. А. Эпидемиология: оқулық /. - Қарағанды : АҚНҰР, 2016. - 296 бет. с.
2. Жалпы эпидемиология дәлелді медицина негіздерімен: оқу құралы / Ред. бас. В. И. Покровский. Қаз. тіл. ауд. Н. Жайықбаев. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 448 б
3. Әміреев, С. Жұқпалы аурулар оқиғаларының стандартты анықтамалары және іс-шаралар алгоритмдері. Т. 1 [Мәтін] : практикалық нұсқау / С. Әміреев [ж/б]. - 2 - бас. , толықт. ; ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министірлігі. С. Ж. Асфендияров атындағы ҚҰМУ. - Алматы : BRAND BOOK, 2014. - 624 бет + 80 бет
3. Ирсимбетова, Н. А. Эпидемиология : оқулық. - Шымкент : Кітап ЖШС, 2013
4. Ерманова, С. А. Эпидемиология: оқулық /. - Қарағанды : АҚНҰР, 2016. - 296 бет.
5. «Дәлелді медицина негіздерімен жалпы эпидемиология»: оқу құралы. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015

Қосымша:

1. Ерманова, С. А. Эпидемиолог маманының тәжірибелік дағдылары [Мәтін] : оқу-әдістемелік құрал / С. А. Ерманова, Н. А. Ирсимбетова, Ф. Мұхтарқызы. - Алматы : Эверо, 2018. - 136 б. с
2. Асмагамбетова М.Т. Дилдабекова Н.Т. Вирустарға қарсы заттар.-Эверо2013

Электрондық оқулықтар

1. Әскери гигиена және эпидемиология. Смағұлов Н.К., Мұхаметжанов А.М., Әбдіхалықов М.Қ., Асқаров Б.С., Рахымжанова К.Қ., Ионов С.А., Каримов Н.Ж., Горшков С.И., Шалаев Г.У. , 2019 / <https://aknurpress.kz/reader/web/1162>
2. Эпидемиология Ерманова С.А. , 2019/ <https://aknurpress.kz/reader/web/1081>
3. Эпидемиолог маманының тәжірибелік дағдылары: оқу-әдістемелік құрал / С.А. Ерманова, Н. Ирсимбетова, Ф. Мұхтарқызы.– Алматы: Эверо, 2020. – 136 б. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/3136/
4. Мәсімқанова Т.М. Жұқпалы аурулар: Оқу құралы – Алматы: «Эверо», 2020. – 204 бет. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/651/

«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы

59-11-2024
20 беттің 19 беті

«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы

59-11-2024
20 беттің 20 беті